

**Есіл аудандық мәслихатының 2023 жылғы 14 сәуірдегі № 8С-2/4 "Есіл ауданында шетелдіктер үшін 2023 жылға арналған туристік жарнаның мөлшерлемелерін бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 2023 жылғы 15 қыркүйектегі № 8С-9/4 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 19 қыркүйекте № 8621-03 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Есіл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Есіл аудандық мәслихатының "Есіл ауданында шетелдіктер үшін 2023 жылға арналған туристік жарнаның мөлшерлемелерін бекіту туралы" 2023 жылғы 14 сәуірдегі № 8С-2/4 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8545-03 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Есіл аудандық мәслихатының төрайымы*

*А.Адилбаева*